

 САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ HALYK СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ		Сақтандыру ережесі	
		«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-та жазатайым жағдайдан ерікті сақтандыру ережесі	
P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	Негізгі бет

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
2019 жылғы 18 ақпандағы
№49 хаттама

**«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-та
жазатайым жағдайдан ерікті сақтандыру
ЕРЕЖЕСІ**

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	2 18
---------	-------------	--	------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-та жазатайым жағдайдан ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген және сақтандырудың шарттарын, Жазатайым жағдайдан ерікті сақтандыру шартын, Заемшыны / лизинг алушыны жазатайым жағдайдан ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі бірлесіп немесе жеке-жеке – Сақтандыру шарты) жасасу, сүйемелдеу және орындау тәртібін реттейді.

2. Осы Ережеде қолданылатын түсініктер:

1) **ағза функцияларының уақытша бұзылуы** – Сақтандырылушының қайтарымды сипаттағы денсаулық жағдайы, бұл кезде ол **жазатайым жағдайдың** нәтижесінде қысқа уақыт аралығында өзіне-өзі қызмет көрсету, қозғалу, бағдарлау, мінез-құлқын бақылау, білім алу және сөйлесу қабілеттерін жоғалтады;

2) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемінің алушысы болып табылатын тұлға;

3) **Заем (кредит) шарты** – бір тарап (заем беруші) басқа тараптың (заемшының) меншігіне (шаруашылық жүргізуіне, оралымды басқаруына) ақша немесе тектік белгілерімен айқындалған заттарды беретін, ал заңнамамен немесе Шартта көзделген жағдайларда оларды беруге міндеттенетін, ал заемшы заем берушіге дәл осындай ақша сомасын немесе осы тектегі және сападағы заттардың тең мөлшерін уақытында қайтаруға міндеттенетін Шарт;

4) **заем беруші** – осы Сақтандыру ережелерінде банк немесе өзге де қаржылық ұйым, не лизингтік ұйым заем беруші болып табылады;

5) **Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

6) **жазатайым жағдай** – Сақтандырылушының денесіне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсерлердің салдарынан денсаулыққа зиян келтіретін, соның ішінде жарақаттануды немесе өлімді қоса алғанда, адамның еркіне қайшы келетін, адамның еркінен тәуелсіз іс жүзінде кенеттен туындаған, қысқа мерзімді оқиға;

7) **қайтыс болу** – Сақтандырылушының сақтандыру арқылы қорғалудың әрекет ету мерзімі ішінде болған жазатайым жағдайдың салдарынан қайтыс болуы. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, егер адам жазатайым оқиға болған күннен бастап 12 айдың ішінде болса, сақтандыру жағдайы деп танылады.

8) **ағза функцияларының тұрақты бұзылуы**, Сақтандырылушының өмірін шектеуге әкеп соқтыратын - Сақтандырылушының денсаулығының жай-күйі, ол жазатайым оқиға нәтижесінде өзін-өзі күту, қозғалу, бағдарлау, өзін-өзі басқару, жаттығу, қарым-қатынас және болашақ жұмыс қабілеттерін жоғалтады, медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының шешімімен 18 (он сегіз) жасқа толмаған адамдар үшін «мүгедек бала» және 18 (он сегіз) жастан асқан адамдар үшін «мүгедек» санатын белгілеумен шартталған.

9) **Сақтанушы** – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан әрекетке қабілетті жеке немесе заңды тұлға. Егер Сақтандыру шартымен басқасы көзделмесе, Сақтанушы бір уақытта Сақтандырылушы болып табылады;

10) **сақтандыру мүддесі** – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру жағдайының туындау тәуекелдерінің алдын алу және болдырмаудағы мүліктік мүддесі;

11) **сақтандыру жағдайы** – ол туындаған кезде Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.

Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғада төменде санамаланған белгілердің барлығы (жинақтаушы Сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда) болуға тиіс:

- оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;
- оқиғаның басталуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталу салдарынан болған залалдардың мөлшеріне қатысты болжанбайтындығы;

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	3 18
---------	-------------	--	------

– оқиға шарттың қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде болуға тиіс, бұлар жөнінде тараптар немесе ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білді немесе алдын ала хабардар болды деген қауіптің болмауы;

– оқиғаның басталуында Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүліктік мүддесі үшін теріс, экономикалық тұрғыдан тиімсіз салдардың болуы;

– оқиғаның басталуы Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) ерік-қалауымен және (немесе) пиғылымен байланысты болмауы және пайда алу және (немесе) ұтыс алу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемеуі.

12) **Сақтандырушы** – мүлікті ерікті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;

13) **жарақат** – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңінде орын алған қоршаған ортаның түрлі факторларының ықпалымен, сонымен қатар Сақтанушының (Сақтандырылушының) өз іс-әрекеттерімен және үшінші тұлғалардың, машиналардың және жабдықтардың іс-қимылдарымен шартталған тіндердің немесе органдардың анатомиялық тұтастығының бұзылуы, олардың қызметінің бұзылуы.

3. Осы Ереженің негізінде Сақтандырушы меншік құқығынан тәуелсіз заңды тұлғалармен және азаматтығынан тәуелсіз әрекет етуге қабілетті жеке тұлғалармен, оның ішінде банктер мен өзге де қаржылық ұйымдардың заемшыларымен, дизингтік компаниялардың лизинг алушыларымен сақтандыру шарттарын жасасады.

4. Заемшыны жазатайым жағдайдан Сақтандыру шарты бойынша, егер Сақтандыру шартымен немесе заем берушімен келісім бойынша өзгеше көзделмесе, заем беруші Пайда алушы болып табылады. Заем шарты немесе лизинг шарты бойынша міндеттемелер толық орындалғаннан кейін немесе мерзімінен бұрын тоқтатылғаннан кейін, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырылушы, жеке тұлғалар үшін қайтыс болған жағдайда - заңды мұрагерлері Пайда алушыға айналады. Заем шартының неесе лизинг шартының әрекет ету кезеңінде Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушыны ауыстыруды Сақтандырушы тек жазбаша келісіммен ғана жүзеге асыра алады.

5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптар осы Сақтандыру ережесінің жекелеген ережелерін өзгертуі (алып тастауы) және/немесе Сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа ережелермен толықтыруы мүмкін.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

6. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) жазатайым жағдайдың нәтижесінде Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

7. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) заңға қарама-қайшы мүдделері сақтандырылуға жатпайды.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

8. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғалудың әрекет ету кезеңінде болған және келесі оқиғаларға (жиынтықта немесе оның кез келген жиынтығында) әкеп соққан жазатайым оқиға сақтандыру жағдайы болып танылады:

- 1) Сақтандырылушының ағзасының уақытша бұзылуы;
- 2) Сақтандырылушының өмірін шектеуге әкеп соқтырған, «мүгедек», «мүгедек бала» санаты белгіленген ағза функцияларының жедел бұзылуы;
- 3) Сақтандырылушының жарақат алуы;

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	4 18
---------	-------------	--	------

4) Сақтандырылушының қайтыс болуы.

9. Осы тараудың 8-тармағында көзделген оқиғалар, егер олар сақтандыру аумағында Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғалудың әрекет ету кезеңінде болған жазатайым оқиғаның салдарынан болса және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органдар берген құжаттармен расталса, сақтандыру жағдайы болып танылады.

10. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру кезеңінде болған жазатайым оқиғаның салдарынан ағза функцияларының жедел бұзылуы және/немесе Сақтандырылушының қайтыс болуы, егер олар жазатайым жағдай болған күннен бастап келесі 12 (он екі) айдың ішінде болған болса, сақтандыру оқиғалары деп танылады.

11. Сақтандырылушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғалудың әрекет ету кезеңінде және сақтандыру аумағында хабарсыз жоғалған деп танылған жағдайда, Сақтандыру шартының барлық басқа ережелері мен шарттарына сәйкес, Сақтандырушы Сақтандырылушыны заңмен белгіленген тәртіпте қайтыс болған деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

12. Сақтандыру жағдайларының тізбесі Сақтандыру шартында белгіленеді.

13. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның салдарынан болған шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ӨЗГЕШЕ ЖАҒДАЙЛАР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕР

14. Мыналар сақтандыру жағдайлары болып табылмайды және сақтандырумен өтелмейді:

- Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғалу басталғанға дейін немесе ол аяқталғаннан кейін туындаған жазатайым жағдайлар;
- жазатайым жағдайдан тыс туындаған, оның ішінде кез келген ауырудың нәтижесінде туындаған Сақтандырылушының ағза функцияларының бұзылуы.

15. Төмендегілердің салдарынан жылжымайтын мүлікке меншік құқығынан айрылған жағдайда сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

1) соғыс, шапқыншылық, шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері, әскери немесе соған ұқсас операциялар (соғыс жарияланған-жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;

2) кез-келген халықтық толқулар, жаппай көтерілістер немесе ереуілдер, көтерілістер, локауттар, мөлшері көбейіп бара жатқан немесе халық көтерілісіне айналып бара жатқан азаматтық толқулар, көтеріліс, азаматтық толқулар, әскери көтеріліс, төңкеріс, әскери басып алу немесе билікті басып алу, тәркілеу, реквизиция немесе мүлікті ұлттандыру, террористік актілер;

3) радиоактивті сәулелену немесе атомдық отынды жағудан радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану;

4) Сақтанушының сонымен қатар уәкілетті тұлғалардың немесе олардың қызметкерлерінің алкогольмен, уытқұмарлықпен немесе есірткімен масаю күйінде немесе оларға басшылық ете алмайтын күйде жасаған әрекетсіздігі немесе әрекеттері;

5) Сақтанушының қажетті қорғану және аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекеті;

6) Сақтандырылушының, Сақтанушының немесе Пайда алушының қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасаған әрекеттерін қоспағанда сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның туындауына ықпал ететін қасақана жасаған әрекеттері. Мұндай әрекеттердің қатарына өзін-өзі өлтіру (өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау) де кіреді, егер өзін-өзі өлтіру (өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау) кезінде Сақтандыру шарты екі жылдан кем қолданыста болса, Сақтандырылушы үшінші тұлғалардың заңға қарсы әрекеттерімен осындай күйге жеткізілуін қоспағанда;

7) альпинизммен, тауға өрмелеумен, парашютпен секірумен, дельтапланеризммен, параглайдингпен, паратрупингпен, суға секірумен, паркурмен, рафтингпен, банджи-

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	5 18
---------	-------------	--	------

джампингпен, роуп-джампингпен, тау велосипедімен, автмотоспортпен, спелеологиямен, әуе спорт түрлерімен, аңшылықпен, атпен жүрумен, автожарыстармен, веложарыстармен айналысу;

8) Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе өзге тұлғалардың қауіпсіздік ережелерін, шараларын және техникасын бұзуы;

9) кез келген алаяқтық немесе Сақтанушының (Сақтандырылушының) тарабынан Сақтандырылушының (Сақтандырылушылардың) денсаулық жағдайының деректерін әдейі жасыруы;

10) апоплексия ұстамасы, эпилептикалық ұстамалар немесе басқа құрысулар, конвульсиялық ұстамалар;

11) сақтандыру арқылы қорғалудың әрекет ету кезеңінде болған жазатайым жағдайдың нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда кез-келген ауру (соматикалық, жұқпалы, онкологиялық);

12) медициналық немесе хирургиялық емдеу, егер мұндай емдеу Сақтандырылушының жазатайым жағдай салдарынан алған дене жарақатын емдеу үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда;

13) белгісіз затпен улану.

16. Сақтандыру арқылы қорғалу мыналарға қолданылмайды:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде 1 жастан 65 жасқа толған адамдар үшін (егер Сақтандыру шартында басқа жас шектеулері көзделмесе);

2) Сақтандыру шартын жасасу кезінде мүгедектіктері (толық немесе жартылай) анықталған, еңбекке қабілеттілігін (жалпы немесе кәсіптік) жоғалту дәрежесі (толық немесе ішінара) анықталған және/немесе кәсіптік аурудың диагнозы анықталған адамдар үшін;

3) психоневрологиялық немесе наркологиялық диспансерде тіркелген адамдар үшін;

4) қатерлі ісік және ЖҚТБ-мен ауыратын адамдар үшін;

5) жыныстық жолмен берілетін аурулармен ауыратын адамдар үшін;

6) алкогольдік, уытты, есірткі немесе психотроптық мас болу (кез келген дәрежеде) салдарынан жарақат алған немесе ауруы бар немесе олардың салдары бар адамдарға;

7) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар үшін;

8) уәкілетті органмен Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізіміне енгізілген адамдар үшін;

9) жүрек-тамыр жүйесі ауруларымен және атеросклерозбен ауыратын адамдарға, жүрек-тамыр ауруларына хирургиялық операциялар жасалған адамдарға.

17. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы жауаптылықта болмайды және өтемейді:

1) сақтандыру жағдайымен және оны уәкілетті органдарда дәлелдеумен байланысты істерді жүргізу шығыстары (ксерокөшірмелер, нотариаттық куәландыру шығындары, сараптама, қорғаушы, өкіл, аудармашы қызметтеріне және т.б.);

2) үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу шығыстары;

3) моральдық зиян;

4) әкімшілік айыппұлдар, мемлекеттік баждар, алымдар және т.б.

5) өндірісті тоқтата тұрумен, уыстан шығарылған пайдамен, бағамдық айырмашылықпен, қаржылық міндеттемелерді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбымен (айыппұлдармен, өсімпұлдармен) байланысты қаржылық шығыстар және т.б.;

6) сот, сараптама шығындары, тек бұл шығындар Сақтандырушымен өтелуге жататын шығындардың алдын алуға немесе азайтуға байланысты болмаса.

18. Сақтандырушы мынадай шығыстар үшін жауаптылықта болмайды:

1) сақтандыру сомасынан (Сақтандырушының жауапкершілігі лимитінен) асып кеткен;

2) заем берушіге тигізілген залалды қоса алғанда, Сақтандыру шартында көрсетілмеген;

3) заем берушінің құқығы бұзылмағанда әдеттегідей айналым жағдайында заем алушы алатын, бірақ осының салдарынан жіберіп алған табысы ретінде.

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	6 18
---------	-------------	--	------

19. Егер Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, Сақтанушының Шартты жасасу мақсатында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызды мән-жайлар туралы жалған ақпарат бергені, сонымен қатар осы тараудың 16-тармағында көрсетілген мәліметтерді жасырғаны анықталса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

20. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайынан және (немесе) сақтандыру шектеулерінен өзге де ерекшеліктер белгіленуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА

21. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырушының жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында белгіленеді.

22. Сақтандыру шартымен мыналар белгіленуі мүмкін:

1) жауапкершіліктің жалпы лимиті, бұл жағдайда Сақтандыру шартының барлық кезеңіндегі барлық сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы осы көлемнен аспауы тиіс;

2) әр Сақтандырылушы үшін жауапкершіліктің ең жоғары мөлшері;

3) бір жазатайым оқиға салдарынан бірнеше сақтандыру жағдайлары үшін жауапкершіліктің ең жоғары мөлшері;

4) бір немесе барлық сақтандыру жағдайлары үшін әрбір сақтандыру жағдайы үшін жауапкершіліктің ең жоғары мөлшері.

5) белгіленген мөлшердегі жауапкершіліктің ең жоғары мөлшері және бір сақтандырылған жағдайдағы Сақтандырылушының шығындары үшін ішінара немесе толық өтемақы мөлшері.

23. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру сомасы (Сақтандырушының жауапкершілік лимиті) жасалған сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады.

24. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын сақтандыру құнының тиісті мөлшеріне және (немесе) қосымша сақтандыру сыйлықақысы төленген жағдайда Сақтандырушының жауапкершілігінің лимитін бастапқы мөлшерге дейін арттыруға құқылы.

25. Франшиза - Сақтандырушыны сақтандыру шарттарында қарастырылған белгілі бір мөлшерден аспайтын зиянды өтеуден босату.

Шартты франшизада Сақтандырушы белгіленген франшиза мөлшерінен аспайтын зиянды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан асып кетсе, залалды толық көлемде өтеуге міндетті.

Шартсыз франшизада келтірілген залал барлық жағдайларда белгіленген сома шегерілгеннен кейін өтеледі.

26. Қолданылатын франшизаның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

27. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушының Сақтандырушыға, соңғысы Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

28. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушымен белгіленген сақтандыру тарифінің негізінде, сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелдерінің сипатына, Сақтандыру шартының әрекет ету мерзіміне және т.б. тәуелді есептеледі.

29. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Қазақстан Республикасының валютасымен төлейді.

30. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру сыйлықақысы шетел валютасымен төленуі мүмкін (валюталық баламада).

31. Сақтандыру сыйлықақысы бір уақытта немесе бөліп-бөліп төленеді, аударыммен немесе қолма-қол ақшамен төленеді (Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес).

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	7 18
---------	-------------	--	------

Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімі Сақтандыру шартында белгіленеді.

32. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе (тараптардың өзге шарттар туралы жазбаша келісімі болмаса), Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімде уақтылы төлемеген жағдайда, Сақтандырушы құқылы:

1) сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап біржақты тәртіпте Сақтандыру шартын бұзуға;

2) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны енгізу мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін (кезекті сақтандыру жарнасы) болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

3) егер сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға оны енгізу мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысы төленгенге дейін (кезекті сақтандыру жарнасы) болса, сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтаған кезде, мерзімі өткен сақтандыру сыйлықақысының (кезекті сақтандыру жарнасының) сомасы шегеріледі.

33. Сақтандыру шарты бір жылдан кем мерзімге жасалған кезде, сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының іс жүзінде әрекет еткен күндер саны үшін (про-рата), немесе жылдық сақтандыру сыйлықақысына пайыздық қатынастарда есептеледі (толық емес ай толық ай болып қабылданады):

Сақтандыру мерзімі	Бір Сақтандырылушы үшін жылдық сақтандыру сыйлықақысының %
2 айға дейін	30
3 айға дейін	40
4 айға дейін	50
5 айға дейін	60
6 айға дейін	70
7 айға дейін	75
8 айға дейін	80
9 айға дейін	85
10 айға дейін	90
11 айға дейін	95

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

34. Сақтанушы:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде, егер ол құпия ақпарат болмаса, Сақтандырушының жылдық қаржылық есебімен танысуға;

2) Ережемен танысуға, Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, оның Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге, Ережелердің көшірмесін алуға;

3) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның қағаз нысанында ресімделген телнұсқасын алуға немесе Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын қайта алуға;

4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайын тергеу барысымен танысуға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

6) осы Ережеде (Шартта) белгіленген тәртіппен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

7) Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен наразылық білдіруге құқылы.

35. Сақтанушы:

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	8 18
---------	-------------	--	------

1) Сақтандыру шартын жасасқан кезде, Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру жағдайының туындауын білдіретін барлық жағдайлар туралы, сақтандыру жағдайының ықтималдығын және оның туындауынан болатын шығындардың мөлшерін айқындау үшін хабарлауға;

2) басқа сақтандыру компанияларымен сақтандыру объектісіне қатысты жасалған және жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;

3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

4) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы хабарлауға;

5) осы Ереженің (Сақтандыру шартының) шарттарын орындауға;

6) Сақтандырылушыны сақтандырудың шарттарымен таныстыруға. Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын бұзуы оларды Сақтанушының бұзуы ретінде қарастырылады;

7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде және (немесе) оның салдарынан сақтандыру жағдайы басталуы мүмкін оқиға басталған кезде ол туралы Сақтандырушыны хабардар етуге және осы Ережеде (Сақтандыру шартында) белгіленген тәртіппен және мерзімде қажетті іс-әрекеттерді жасауға;

8) осы Ереженің 10-тарауына (Сақтандыру шартының талаптарына) сәйкес, сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін Сақтандырушыға барлық қажетті және қажетті құжаттарды ұсынуға;

9) Сақтандыру шартының шарттары және сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдердің мөлшерлері туралы құпиялылықты сақтауға;

10) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайту жөнінде шаралар қолдануға;

11) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайларда белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер мұндай өзгерістер Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде сақтандыру тәуекелінің артуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға міндетті.

36. Сақтандырушы:

1) сақтандыру мерзімі ішінде сақтандыру тәуекелінің жай-күйін, оның Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы берген ақпаратқа сәйкестігін тексеруге;

2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жағдайларын дербес анықтауға, оның ішінде сақтандырылған мүлікті және келтірілген залалдың мөлшерін анықтау бойынша іс-әрекеттерді тексеруге құқылы. Бұл жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы мәселені қарау мерзімін бұл туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге жазбаша хабарлай отырып, қызықтырған ақпаратты алғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы;

3) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау себептері мен жағдайларын, осы Ереженің 10-тарауында көрсетілген зиянның мөлшерін анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге;

4) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы шешімді құзыретті органдардың деректері мен құжаттары негізінде барлық жағдайлар анықталғанға дейін Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарлама жіберіп, кейінге қалдыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмеуге;

5) осы Ережеде (Сақтандыру шартында) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуға немесе Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жазбаша хабарлама жіберу арқылы оқиғаны сақтандыру жағдайы деп танымауға;

6) Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

37. Сақтандырушы:

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	9 18
---------	-------------	--	------

1) Сақтанушыны сақтандырудың шарттарымен (осы Ережемен) таныстыруға, егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға сақтандыру полисін берумен осы Ережеге қосу жолымен жасалған болса осы Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);

2) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны осындай хабарламаны алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күн ішінде тіркеуге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде, Ережеде (Сақтандыру шартында) белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

4) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы туындаған кезде шығынды азайту үшін шеккен ақылға қонымды және орынды шығыстарын өтеуге;

5) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе жәбірленуші (Пайда алушы) немесе олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жоқ құжаттар туралы хабарлауға;

6) сақтандырудың құпиялылығын қамтамасыз етуге;

7) қағаз нысанда ресімделген Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, Сақтанушының өтінішінің негізінде оған Сақтандыру шартының дубликатын беруге немесе Сақтанушының сұрауы бойынша Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын қайта жіберуге міндетті.

38. Пайда алушы:

1) Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан сақтандырудың шарттары туралы ақпарат алуға;

2) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;

3) сақтандыру жағдайын тергеуге қатысуға;

4) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.

39. Сақтандырушының, Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде, Сақтандыру шартында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІН ҰЛҒАЙТУДЫҢ САЛДАРЫ

40. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) дереу, бірақ ол белгілі болған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарлаған жағдайлардағы елеулі өзгерістер туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

41. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды болып танылады:

1) сақтандыру аумағы өзгергенде;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) тұрғылықты жері ауысқанда;

3) Сақтандырылушыға «мүгедек» немесе «бала-мүгедек» санаты берілгенде;

4) осы Ереженің 4-тарауы 15-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген істермен айналысқанда;

5) осы Ереженің 4-тарауы 15-тармағының 10-13) тармақшаларында көрсетілген аурулар мен жағдайларда;

6) жұмысын ауыстырғанда;

7) сақтандыруға жазған өтініште және Сақтандыру шартында көрсетілген мәліметтер өзгергенде.

42. Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің артуына әкелетін жағдайлар туралы хабардар ете отырып, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы Сақтандыру шартының немесе сақтандыру сыйлықақысының қосымшасының талаптарын өзгертуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ережелерге сәйкес Шарттың бұзылуын талап етуге құқылы.

P-RI-46	01 редакция	2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.	10 18
---------	-------------	--	-------

43. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 40-тармағында қарастырылған міндеттемелерді орындамаса, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

44. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына себеп болатын жағдайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

9. САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ТУЫНДАҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ҚИМЫЛЫ

45. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдарынан сақтандыру жағдайының (сақтандыру оқиғасының) басталуы мүмкін оқиға туындаған кезде Сақтанушы (Сақтандырылушы) міндетті:

1) медициналық көмекке жүгіну және медициналық сараптаманың қорытындысы бойынша дәрі-дәрмектерді қолдану және мас болу фактісін анықтау үшін медициналық мекемеге жүгінуге;

2) уәкілетті құзыретті органдардың оқиға орнын құжаттамалық рәсімдеуін қамтамасыз етуге;

3) сақтандыру жағдайында оның басталғаны туралы білетін немесе білуге тиісті сағаттан бастап Сақтандыру келісімшартында белгіленген мерзімде, оның басталғаны туралы Сақтандырушыға немесе оның уәкілетті өкіліне хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайы, туындаған себептер мен түрлері туралы барлық мәліметтерді хабарлауға; залал келтіруге, Сақтандырушымен одан әрі әрекеттерді келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге;

4) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті арлық құжаттар мен мәліметтерді Сақтандырушыға ұсынуға;

5) Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, Сақтанушы (Пайда алушы) бұл туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде, бірақ 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

46. Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы барлық жағдайларда, Сақтанушы немесе Сақтандырылушы оны жасаған-жасамағанына қарамастан, хабарлауға құқылы.

47. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені дәлелденбеген болса немесе Сақтандырушыда бұл туралы ақпарат болмаса, оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру төлемінен бас тартуға құқық береді.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ТУЫНДАҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН КӨЛЕМІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

48. Сақтандыру төлемі туралы талап ету Сақтандырушыға Сақтанушымен (Сақтандырылушымен, Пайда алушымен, олардың заңды өкілімен) тиісті талабын дәлелдейтін құжаттарды қоса берумен жазбаша нысанда ұсынылады.

49. Егер Сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, ағза функцияларының уақытша бұзылуы, мүгедектікті анықтаусыз жарақат туындаған жағдайда, сақтандыру төлеміне берілетін өтінішке келесі құжаттар қоса берілуі тиіс:

1) Сақтандыру шартының көшірмесі (оның телнұсқасы);

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмесі, сонымен қатар ЖСН;

